



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ ДЗ-423

**Құрметті депутаттар!**

Шетелдегі жетекші халықаралық технологиялық компанияларда жұмыс істейтін отандастарымызды елге қайтару және дарынды жастардың кетуі мәселелері бойынша депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймыз.

*Шетелдегі жетекші халықаралық технологиялық компанияларда жұмыс істейтін отандастарды қайтару шараларына қатысты*

Елімізде әлеуетін іске асыру үшін қазақстандықтардың арасынан жоғары білікті мамандар мен табысты бизнесмендерді тарту мақсатында «Ата жолы»<sup>1</sup> картасын ұсыну қағидалары қабылданды.

Қазіргі уақытта «Ата жолы» картасына өтініштер Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы «Қандас» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасында қабылдануда.

Бүгінгі күні 110-ға жуық этникалық қазақ, оның 61-і бизнес-иммигранттар, 49-ы сұранысқа ие мамандар ретінде «Ата жолы» картасын алды.

Сондай-ақ, шетелдіктердің Қазақстанда тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие мамандықтардың тізімі бекітілді<sup>2</sup>, оған денсаулық сақтау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инженерлік, ғылым және т.б. салалардан 21 мамандық кіреді.

Шетелде әртүрлі қызмет салаларында елеулі табыстарға қол жеткізген отандастар-экспаттар тізімі «Qazalem.kz» интернет-сервисі негізінде «Мамандық картасын» қалыптастыру арқылы үнемі толықтырылып отырады.

Халықаралық компаниялардан қазақ-экспаттарды тарту бойынша жұмыс жүргізілуде, олар «Қазақтелеком» АҚ, «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ және т.б. тәуелсіз директорлар ретінде жұмысқа орналасқан.

Сонымен қатар, IT саласын дамыту аясында құрамына BigTech ірі компанияларында (*Google, Meta/Facebook, Amazon, Microsoft және т.б.*) жұмыс істейтін 400-ден астам отандасымыз кіретін Digital Nomads қауымдастығымен белсенді ынтымақтастықта жұмыс жүргізілуде.

<sup>1</sup> 2023 жылғы 30 маусымдағы № 280 ЕХӘҚМ бұйрығымен бекітілген

<sup>2</sup> 2023 жылғы 20 ақпандағы № 49 ЕХӘҚМ бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын<sup>3</sup> (бұдан әрі – *Тұжырымдама*) іске асыру мақсатында жақын және алыс шет елдердегі отандас-ғалымдардың елімізге оралуын ынталандыру жөніндегі жол картасының жобасы әзірленді, жоба мүдделі мемлекеттік органдармен келісу сатысында.

Бүгінгі күні шетелдегі әлемдік экономиканың басым секторларында 160 қазақстандық ғалымдардың тізімі жасалды.

Олардың әлеуетін пайдалану мақсатында аталған ғалымдарды Қазақстандағы жоғары оқу орындарына оқытушылыққа шақыру, отандастардың еліміздің жетекші ғылыми институттары мен орталықтарында тәжірибе алмасу мәселелері пысықталды.

Жаңа ғылыми, мысалы, Ұлттық биотехнология орталығында эмбриондарға арналған жасушалық және гендік терапия орталығын, Қазақ онкология және радиология ҒЗИ базасында трансляциялық бейнелеу және медицинадағы жасанды интеллект орталығын құру сияқты жобаларды іске асыру шеңберінде отандас ғалымдарды тарту жұмыстары жанданатын болады.

Қабылданған шаралар жетекші халықаралық технологиялық компанияларда жұмыс істейтін отандастарды елге қайтару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін арттырады.

Тұтастай алғанда, Қазақстан 2023 жылы IMD халықаралық басқарушылық даму институтының Жаһандық таланттар рейтингіне сәйкес елдегі таланттарды тарту және ұстап қалу үшін жағдай жасау арқылы 64 елдің ішінен 38 орынға ие болды, яғни нәтижесін 6 позицияға (2020 ж. – 44, 2021 ж. – 41, 2022 ж. – 39-позиция) жақсартты. Бұған қоса, осы рейтингтің «білімдарлардың кетуі» көрсеткіші бойынша Қазақстан тәуекелі төмен елдерге жатады. Сондай-ақ жастар шетелдерден көптен келуде (2023 жылы жоғары оқу орындарына 2022 жылға қарағанда 800 адамға көп қабылданды).

*Ресей тәжірибесін ескере отырып, ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижесінсіз дарынды жастарды жоғары оқу орындарына қабылдауға қатысты*

«Білім туралы» Заңға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбесі бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және халықаралық орындаушылар конкурстарының, спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне конкурстан тыс негізде ҰБТ тапсырусыз мемлекеттік білім беру гранты беріледі.

2022-2023 жылдары ҰБТ өтпей-ақ мемлекеттік білім беру грантын бере отырып, 87 талапкер ЖОО-ға қабылданды.

Осылайша, Қазақстанда дарынды жастардың жоғары оқу орындарына ҰБТ-сыз түсуі үшін ресейлік тәжірибеде сипатталғандай, қажетті жағдайлар жасалған.

Бұған қоса, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына<sup>4</sup> сәйкес шетелдік жоғары оқу орындарына түскен студенттер жазғы және қысқы каникул кезеңінде

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген

<sup>4</sup> Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген

қазақстандық жоғары оқу орындарына ҰБТ тапсырмай ауыса алады.

Жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту мақсатында жыл сайын жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғайтылуда (2019 жылы – 50,9 мың, 2020 жылы – 51 мың, 2021 жылы – 56,5 мың, 2022 және 2023 жылдары – 73 мың грант). 2025 жылға дейін студенттерге стипендия мөлшері екі есе артатын болады (2020 жылмен салыстырғанда), оның ішінде 2023 жылы 20 %-ға (магистранттар мен докторанттар үшін 15 %-ға) ұлғайтылды.

*Жастарды жұмыспен қамту және тұрғын үймен қамтамасыз ету шараларына қатысты*

Жас мамандарды оқыту және жұмысқа орналастыру мәселелері қолданыстағы заңнамамен<sup>5</sup> реттеледі.

Бұл ретте мемлекеттік білім гранты бойынша оқыған студенттердің жұмыспен өтеуі білім беру ұйымы, жұмыс беруші және білім алушы арасындағы түлекті жұмысқа орналастыру туралы үш жақты келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

ЖОО-лар жанында Мансап және кәсіби даму орталықтары ашылған, ол ЖОО базасында әртүрлі іс-шараларға жұмыс берушілерді тартуды, оның ішінде кәсіпорындар мен компаниялар өкілдерінің қатысуымен кездесулер, бос орын жәрмеңкелер өткізуді қамтамасыз етеді.

*Анықтама: 2022 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы 75,3%-ды құрады, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқығандар – 78,3%.*

Жоғары оқу орындарында жобалық офистер құрылады, онда Жаңа кәсіптердің өңірлік атласы әзірленеді. Осылайша, 2023 жылы 4 өңірлік карта (Маңғыстау, Қарағанды облыстарында, Астана және Алматы қалаларында) әзірленіп, 200 жаңа кәсіп анықталды, 440 білім беру бағдарламасы жаңартылды. Осыған ұқсас жұмыс тағы 9 өңірде басталды.

«Жоғары білімнің бірыңғай платформасы» ақпараттық жүйесінде жоғары оқу орындары түлектерінің жұмысқа орналасуы бойынша тоқсан сайын мониторинг жүргізілетін болады.

Жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнайы мемлекеттік шаралары «Дипломмен – ауылға!», «Серпін», «Жастар тәжірибесі», «Жас маман», «Жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін баспана» және т.б жобалар шеңберінде қарастырылған.

Қолданыстағы бағдарламаларды жүйелендіру мақсатында «Отбасы банкі» АҚ-мен бірлесіп, жеңілдетілген несие беру шарттары бар жастарға арналған бірыңғай тұрғын үй бағдарламасын іске қосу мәселесі пысықталуда.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалану мүмкіндігімен «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**Ә. Смайылов**

<sup>5</sup> Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 11 тамызындағы №403 бұйрығымен бекітілген